




МАҢҒЫСТАУДА ПІР БЕКЕТ АТА



Талғам Қайбұллаұлы



**МАҢҒЫСТАУДА
ПІР
БЕКЕТ АТА**

тағылым мен деректер

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз-7
Қ 23

Қ 23 Маңғыстауда Пір Бекет ата: Тағылым мен деректер. – Ақтөбе, 2014, – 392 б. Қайбұллаұлы Т. 2-басылым, өзгеріс енгізілді.

Пікір беруші:
Мұсаев Алпысбай
филология ғылымдарының докторы, профессор

ISBN 978-601-7273-67-5

Бұл кітапқа халқымыздың атақты перзенті, ұлы қасиет иесі, әулие Пір Бекет Атаның торқалы тойлары, ол туралы баяндама мен сұхбаттар, аңыздар мен әңгімелер енгізіліп, бүгінгі ұрпақтарының арнаған өлеңдері мен арнау жырлары арқау болған.

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз-7

ISBN 978-601-7273-67-5

© Қайбұллаұлы Т., 2014



Бекет Ата Мырзағұлұлының 260 жылдық мерейтойына қатысушыларға!

Ағартушы әрі руханият абызы Пір Бекет Ата Мырзағұлұлының 260 жылдық мерейтойы құтты болсын!

Бекет Ата ғибратты ғұмыр кешкен, ел арасында әулие атанған тарихи тұлға екені аян. Ол халқымызға жалпы рухани құндылықтарды таратып, ізгілік дәнін септі. Иmandылықтың ұстынына айналған Бекет Атаның рухани мұралары әрдайым жас ұрпаққа ұлағат болып келеді.

Ағартушының артында қалған асыл мұраларын жинақтап, зерттеу мен зерделеу уақыт еншісінде. Ұлы бабаның мұрасы да, мұраты да, әрқашан елдің рухани өсіп толысуына қызмет ете беруіне сенімдімін.

Осы мерейтой аясында өтетін тағлымды шаралардың баршасы жастарды елжандылыққа, отансүйгіштік пен патриотизмге тәрбиелеуге септеседі деп білемін.

Бекет Атаның елдік ұстанымдарды ұлықтайтын ізгілікті өсиеттері әрдайым халқымыздың рухани қажетіне жарай берсін!

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Астана, Ақорда
27.08.2010

БЕКЕТ АТА ТОЙЫ – ХАЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ

*Ердің соңы – Есет,
Пірдің соңы – Бекет.*

Халық мәтелі

Бекет Ата Мырзағұлұлы – көп қырлы тұлға. Ол өзі өмір сүрген дәуірінде жас ұрпақты білім нәрімен сусындатқан ұстаз, бірнеше мешіт-медресе тұрғызған сәулет өнерінің хас шебері, жерімізді жаудан қорғаған батыр, айтқаны айнымай келген көріпкел-әулие, әділдікті ту тұтып, қара қылды қақ жарған би, халқын имандылық пен ізгілік қасиеттерге баулыған ғұлама. Мұндай ерекше қырлары зерттеушілердің назарынан тыс қалмады. Ұлылықты ұлықтау мақсатында туындылар жазылып, ұлықталып та жүр. Әлі де болса, ашылмай жатқан қырлары көп.

Шежірешілердің айтуына қарағанда Бекет 1750 жылы Жем бойындағы Ақмешітте дүниеге келген. Бала кезінен зеректігімен көзге түсіп, алдымен атасы Жаналыдан, кейін ауыл молдасынан сауат ашқан. Бекеттің батырлығы кәрі нағашысы Есет батырдан, көріпкелдігі мен әулиелігі өз нағашысы Назаркожадан дарыған екен дейді. 90-нан асқан шағында Есет батыр 12 жасар жиені Бекетке:

Үстіңнен дүбір кетпесін,
Құлағыңнан сыбыр кетпесін.
Ақ пен қараны айырар,
Жауды кері қайырар,
Атың да айтып тұрғандай дүр боларсың,

Үш жүзге танымал Пір боларсың!- деп бата беріпті.

Мұнда терең мән, тарихи астар жатыр. Мен бұл әңгімені есейген шағымда естідім. Мұндай дүниелер мені бей-жай қалдырмайтын. Естігенім мен түйгендерімді әрдайым жинап жүрдім. Бала кезімізде үлкендер ас қайырғанда, дұғасының соңын: «Мәдинада – Мұхамбет, Түркістанда – Қожа Ахмет, Маңғыстауда – Пір Бекет, жарылқауды қабыл ет!» деп аяқтайтын. Бұл сөз құлағымызға сіңісті болып, жадымызда сақталып қалған. Ауылдағы көне көз қарияларымыз ғибратты әңгімелерді көп насихаттайтын. Менің әкем де сол рухани мектептен нәр алған. Біздің де құлағымызда қалсын дей ме, Атаның әр қырына ерекше тоқталып, майын тамыза әңгіме шертетін. Естігендерін жай ғана баяндамай, өз түйінін де айтып отыратын. Ол бізді Ата туралы өзінше ойлауға, ізденуге жетеледі. Сол арқылы салиқалы сөздерді көкірек көзіме түйіп, ерекше зейнімді аудардым. Балалық шақтан бастау алған ізденісім, осы туындымды жазуға, жинақтауға себепкер болды.

Заманымыздың заңғар жазушысы Әбіш ағамыз: «Жақсы заманда да, жаман заманда да Оған деген ел сүйіспеншілігіне қылау түсіп көрген жоқ... Өйткені, ол көзінің тірісінде қиянатқа жол бермес Әділдіктің, күпірлікке жол бермес Адалдықтың, қараулыққа жол бермес Шапағаттылықтың, қатыгездікке жол бермес Мейірімділіктің, арсыздыққа жол бермес Парасаттың асқан үлгісін танытып, үлкен-кішіні, алыс-жақынды, дос пен дұшпанды түгел мойындатқан адам», - деп қадір тұтқан. Ұлылықты құрметтеген. Бұл еңбек ел арасынан жиналған деректер негізінде жазылған. Бекет Ата жайында зерттеліп те, зерделеніп те жүр. Бәрінің идеясы – ұлы Ғұлама, Көріпкел, Батыр, қасиетті Пірдің алдында бас ию, оны үлгі тұту. Бұл еңбектің де түпкі негізі осында жатыр. Ата туралы тың деректер негізінде тағылымды дүние жазу – бұл менің басты мақсатым еді. Осы тақырыпта жүйелі түрде зерттеу жүргізген қазақ ғалымдарының ішінде алғашқылардың бірі Қабіболла Сыдиықұлы: «Бекет Адайдікі ғана емес, Бекет – қалың қазақтікі, бүкіл адамзат баласынікі» деген еді. Олай болса, бұл туындыны барша қазаққа арнадым.

Бекет Атамыздың 260 жылдық мерейтойы қарсаңында Маңғыстау облысының әкімі Қырымбек Елеуұлы Көшербаев «Ата жолын» ашып тұрып, «Бұл ортақ іске бүкіл ел азаматтары атсалысып жатыр. Әркім өз саласы бойынша үлес қосуда» деп, ел азаматтарының ерен еңбектерін ерекше атап өткен болатын. Мен де осы жинақ арқылы атқарылып жатқан үлкен істерге сәл де болса үн қоса алсам, және ол көпшіліктің кәдесіне жарап жатса, одан артық мұрат жоқ.

Талғат ҚАЙБҰЛЛАҰЛЫ,
кітапты құрастырушы-автор

Әбіш КЕКІЛБАЙҰЛЫ,

Қазақстанның Халық жазушысы,

Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Еңбек Ері.



ЕЛ ИЕСІ – ЖЕР КИЕСІ

Аспан мен Жер арасындағы тіректің бар сыр-сипатына түсініп болдық деуге әлі ерте. Тіршіліктің түп бастауы қайда? Ол қалай салқар арнаға айналды? Бастауы бар құбылыстың ақыры да бола ма? Ендеше, мұншама жүйелі дүниеге осынша сындарлы сипат дарытып отырған күш қандай?

Барлығына тыңғылықты жауап тауып болған жоқпыз. Табамыз деп дәмету де, бәлкім, күпірлік шығар. Әзірге түсінгеніміз: адамзат дүние жаратылып, су аққалы өзін табиғаттан бөле –жарып қарай алмаған.

Қалған табиғаттан айырмашылығын түсінсе де, астам тұрмын деп ойлай алмаған. Ал ондай күпірлікке бой алдырған адам өз басына өзі астамдық тілеп алған. Сөйтсе, астамшылық – азғындық екен. Сондай астамшылықтан тыйдыра алатын Заңдылықты Тәңірі деп, Тоба деп, Жаратқан деп, Құдай деп таныған. Әр асқанға бір тосқан – мәңгілік жарасымның мәңгілік кепіл қағидасы. Одан туындайтын мың сан қисынды аз күн тіршілік кешетін пенде шіркіннің түйсігін түсініп, меңгеріп, бұлжымас қағидаға айналдырып, бұлтартпай ұстанып үлгере бермеуі де ықтимал. Алайда, сол түп бастау Жарасым мен Заңдылықтың жер үсті Сақшылары жоқ, тіпті болмаған деп ойлау ақылға сыймас нәмарттық болар еді.

Жаппай бірдейлікті әспеттеген кезеңде Даралық атаулы мансұқ етілді. Айрықшалық атымен ғайбатталды. Айрықша икем, айрықша ықылас, айрықша қабілет, айрықша ыждаһат, айрықша қасиет атаулы түгел жоққа шығарылды. Сондай жаппай иманнан безген заманда

Атырау мен Арал, Орал мен Копет-Даг арасын алып жатқан ұлан-байтақ өлкенің ежелгі тұрғындары Қасиетті Бекет Атаға бағыштап бір ауыз қиянат сөз айта алмаған. Бұл өлкедегі әр шаңырақ қуанған кезінде де, құлазыған кезінде де алдымен Бекеттің атын ауызға алған. Бір кезде осынау кең-байтақ өлкеге жан-жақтан көз алартқан басқыншыны Оның атын айтып ұрандап, Оның ұрпағына ту көтертіп, қол бастатып тойтарыс берген. Біздің талай әкелеріміз бен ағаларымыз кешегі қан майданда да жан алқымға келгенде Одан медет сұрап, көз жұмғанда да артындағы шиеттей ұрпақты Оған аманат қып қалдырғаны кәміл.

Жақсы заманда да, жаман заманда да Оған деген ел сүйіспеншілігіне қылау түсіп көрген жоқ.

Өйткені, ол тірісінде – елінің жел жақтағы Панасы, ық жақтағы Саясы бола білген Азамат. Жаудан елді арашалаған Батыр. Дауда әділетті арашалаған Қазы. Озбырлықтан обал мен сауапты арашалаған Пірадар.


Оның қыранның қанаты талар қиян даланы жайлаған Ата Жұртының, Ата Мекенінің барлық шекарасында қырандар түлек түлететін қия шыңдардан өз қолымен тас қашап, тауды үңгіп, жер асты ғимараттар салып, мешіт-медреселер ашуы да ескі аңыздардағы Прометей мен Фархадтарды, діни кітаптардағы Мұса мен Әзірет Әліні еске түсіретіндей ерен ерек. Шөл кезіп, еріні кезерген еліне асасының ұшымен тас шұқып, кәусар бұлақ тауып берген Мұса пайғамбардай Маңғыстау мен Үстірттегі Бекет Атаға байланысты жердің бәрінде де балдай бұлақ, көк құрақ, маңыраған арқар, таутеке. Олар Елдіктің шебі. Елдіктің төрі. Оларды жауға алдырған жұрт Ел болып тұра алмайды. Ондай Елдік Намыс пен Иман ұяларын қастер тұта білмеген жан иесі қатарға кіріп, адам санатына еніп, қалтырамай жер басып жүре алмайды.

Елі мен жерін шексіз сүйген Асыл Азамат, Абзал Адамды Елі де шексіз сүйеді.

Бекет Атаның басты құдыреті – міне, осында. Өйткені, ол көзінің тірісінде қиянатқа жол бермес Әділдіктің, күпірлікке жол бермес Адалдықтың, қараулыққа жол бермес Шапағаттылықтың, қатігездікке жол бермес Мейірімділіктің, арысздыққа жол бермес Парасаттың асқан үлгісін танытып, үлкен-кішіні, алыс-жақынды, дос пен дұшпанды түгел мойындатқан адам.

Ендеше, сондай асқақ жұртының ақар-шақар шың басындай тәкаппар жүрегінен мәңгілік жәннат тапқан Әлсізге Медет, Күштіге Айбар, Зарыққанға Жебеу, Тарыққанға Демеу, Асқанға Тосқан, Сасқанға Сая, Ұрпаққа Ұстаз, Ұлысқа Ұран, Ел Иесі, Жер Киесі Пір Атаға қанша тағзым қылсаң да, артық емес деп білеміз.

Өйткені, атасыздық – отансыздық, отансыздық – опасыздық, опасыздық – имансыздық. Ал имансыздық еліңнен, жеріңнен безінтіп



қоймай, өзіңнен де безіндірері сөзсіз. Өзінің Қадірін білмеген, ненің қадірін білуші еді?!

Ештеңенің қадірін білмеген, ешкімді де қарық қылмайды. Құдай тек сондайдың бетін аулақ қылғай!

Ал өткенде Жақсылардың болғанына сенетін Адам бүгінде Жақсылардың барына сенеді.

Ал Жақсылардың барына сенетін адам өзі де Жақсы болуға тырысады.

Ал Жақсы болудың Жақсылық жасаудан басқа жолы жоқ.

Ал Жақсылық жасаудың Жаман Атқа ілігуден аулақ болудан басқа жолы жоқ.

Ләйім, әрқайсымызды, бәрімізді, жалпақ жұрт жамағатымызды Жаманаттан, Жаман Аттан сақтағай!

Жақсы тілегімізді жөн тыңдап, жөн түсінер Жақсы Құлақтар мен Жайсаң Жүректер көбейе бергей!

Зейнолла АЛШЫМБАЕВ,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты.




БЕКЕТ АТА – ЕЛДІ БІРІКТІРУШІ ТҰЛҒА

Өмір жолы қиыр-шиыр ғой. Табиғаттың қатал сыны мен тезіне шыдай алған халыққа ғана орын бар жер бетінен. Сол толарсақтан саз кешіп тоқтамай тартқан тар замандарда ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен, асқан даналық ақыл-оймен дүниеден өзінің орнын алған асыл бабалар рухы алдында бүгінгі ұрпақ, біздер қарыздармыз. Сондай асылдарды Жаратқан Ие киелі ата мекеніміз, қасиетті Маңғыстауға берудей-ақ беріпті. Сол асылдарымыздың бірі, даналардың данасы, жақсылардың жақсысы, халқымыздың абзал перзенті, данагөй абыз, ұлы гуманист, қасиетті Бекет Атамыз.

Бекет Атаның рухына табынушылар қазір миллиондап саналады. Ата рухына тәу етуді мақсат еткендер туған өлке киелі Маңғыстауды айтпағанда, Қазақстанның түкпір-түкпірінен, көршілес жатқан шет елдерден, мұсылман әлемінен Оғландыға мыңдап ағылуда. Осыншама адамның жүрегінен орын алуға әкелген не құдірет? Қаншама уақыт өтпесін, көмескіленіп ұмытылудың орнына халық жүрегінен орын алып, дүйім елді табындырып, тамсандыратын бұл құдіретті күштің құпиясы неде, бұл тылсым жұмбақтың шешуін кім айтады?

Табиғаттың жұмбақтарын шешуге адам баласының қабілеті жеткен бе? Бекет Ата феноменіне де жұмыр басты пенделердің ақыл-ойы жете алар ма екен?!

Бірақ, халқымыздың тарихына көз жүгіртіп қарайтын болсақ, тар жол тайғақ кешкен ұзақ жолын көрер едік. Сол тағдыры талайлы жолдың бәрінде де халқымыздың асыл арман-мақсаты елдігімізді



сактап, ұрпағын өсіріп, Жаратқан Иенің берген нәсібінен өз үлесін алу. Қилы замандарда сол несібенді ала қою да оңайлықпен келмейді. Әлсіз болсаң азулының азуында кетесің, қорқақтасаң қарулының қолтығында кетесің. Ұрпақтың жүрегіне парасат пен ізгілік қасиеттерін дарыта, еге білмесең батырлықпен алған несібенді бойыңа дарытып, ұрпағыңның жарқын болашағын жасауыңа толыққанды бола ма? Осындай ойлардан кейін маған үлкен парасат иесі, ұлы гуманист, қасиетті Бекет Атаны Жаратқан Иенің біздің халқымызға осы ізгі мақсаттарды ұрпақтарына жеткізу үшін берген ұлы сыйы секілді көрінеді.

Мен өзі аса діншіл адам емеспін. Жаратқан Иенің құдіретін жоққа шығарған, дінді апиын, халықты адастырушы деген пікірді ұстанған ұрдажық атеистік пиғыл да маған жат. Өмірдің қиырлы жолдарымен дүниенің талай түкпірлерінде болып, дәмін таттық, пенденің басында кездесетін әртүрлі жағдайларды да бастан өткеріп жүрміз. Сол кезден осы күнге дейін мойындайтын бір ақиқатым – ол Жаратқан Иеден кейін, сүйікті Пайғамбарымызбен бірге киелі Бекет Ата есімі қайда жүрсек те аузымызда жүріпті.

Жасыратын несі бар 1992 жылы Америкаға сапарлаған кезде де Оғыландыдан бір уыс топырақты түйіп ала кеткенмін. Пір Бекетке сыйынып талай рет ұлы мұхиттың үстінен ұшқанбыз. Осы уақыттың бәрінде Оғыландыдан түйіп алған бір уыс топырақты әрқашан жанымда ұстадым. Сол кездің бәрінде Бекет Атадан қолдау сұрап, сүйеніш еткеніміздің несін жасырамыз?

«Жақсы заманда да, жаман заманда да оған деген ел сүйіспеншілігіне қылау түскен жоқ. Өйткені, ол тірісінде – елінің жел жақтағы Панасы, ық жақтағы Саясы бола білген Азамат. Жаудан елді арашалаған Батыр. Дауда әділетті арашалаған Қазі. Озбырлықтан обалмен сауапты арашалаған Пірәдар. Елі мен жерін шексіз сүйген асыл азамат, абзал адамды елі де шексіз сүйеді. Бекет Атаның басты құдіреті – міне, осында» деп еді заманымыздың заңғар жазушыларының бірі, жерлес ағамыз Әбіш Кекілбаев 1994 жылы шыққан «Бекет ата» кітабына жазған алғы сөзінде. Әбіш ағамыздың бұл толғаулы сөздеріне алып-қосарымыз жоқ, тек халқымыздың дара туған перзенті киелі Бекет Атамыздың рухы қашанда баршамызды қолдап жүргей деген тілек қана қосамыз. Ұлысқа ұран, ел иесі, жер киесі Пір Атаның 260 жылдығына арнап мерейтойлық іс-шаралар ұйымдастырып жатқан облыс басшылығының қызметіне ел риза. Мұндай мерекелік шаралар еліміздің көптеген аймақтарында өтіп жатқанынан хабардармыз. Оның өзі де Бекет Атаның бүкіл қазаққа ортақ тұлға екендігін көрсетеді.

Бүгінде Отанымыз Қазақстан – Тәуелсіз мемлекет. Осы аз ғана уақыттың ішінде Қазақстан бүкіл дүниеге паш етіп әлемдік аренада

өзінің лайықты орны барлығын айғақтап, төрден орын алды. Қазақтың асыл перзенттері адамзаттың ұлылары қатарынан айтылып, ұлықталды, қазақ мемлекеті әлемнің алпауыт мемлекеттерінің өздері санасатын іргелі мемлекетке айналды. Түптеп келгенде киелі Бекет Атаның да түпкі мақсаты осымен келіп тоғыспай ма!

Белгілі маңғыстаутанушы ғалым Серікбол Қондыбай Бекет Ата феноменіне қатысты мынадай пікір жазған болатын: «Біріншіден, Бекет Ата ауыз толтырып айтуға келмейтін XVIII ғасырдың Адайының мұсылмандығын жаңа деңгейге көтерді, ұзақ уақыт тентіреген Адайдың жаны мен тәнін де, рухын да байыз тапқызды. Екіншіден, Бекет Ата Адаймен Маңғыстауды рухани деңгейде табыстырушы болды, өйткені ол қазақты Маңғыстаудағы бұрындары өткен 360 әулиелермен байланыстырушы, тоғыстырушы буын, көпір болды. Адайдың (қазақтың) Маңғыстауды иеленгенін, Маңғыстаудың өткен тарихына мұрагерлігін заңдастырып берді. Осылайша Пір Бекет есімі Адайдың көне ұранының орнын басуға лайық болып шыққан...»

Халқымыздың, ұрпағының жарқын болашағын қамтамасыз етуді тек өзіміздің мемлекеттігіміз ғана, тәуелсіздігіміз ғана қамтамасыз етеді емес пе?! Менің пайымдауымша, Бекет Атаның да бүкіл қызметі міне осы ұлы мақсатқа бағытталған. Ұлы гуманист Бекет Ата есімі әркімнің жүрегінде сенім ғана емес, тәуелсіздігімізді қорғайтын батырлықтың, дүйім халықты бірлікке шақыратын ерліктің символына айналды. Ал ел бірлігі қай заманда да сол халықтың жарқын болашағының кепілі болған. Қазақ елінің бүгінде бүкіл әлем мемлекеттерінің алдында үлкен жетістіктерге жетуінің негізгі бір сыры да осы ешбір ұлт-ұлысқа бөлінбей, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарған халқымыздың ауызбірлігін қамтамасыз ете білген дана басшымыз, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ұстанған, жүргізіп отырған саясатымен де тікелей байланысты болып отыр. Бүгінде әлемдегі дағдарыс қандай қиыншылық әкелмесін еліміздің, халқымыздың ауызбіршілігі, дәлірек айтсақ бүкіл қазақстандықтардың бірлігі жарқын өмірге жетуіміздің кепілі болмақ.

Баршамызды әруақты Бекет Атаның рухы қолдап жүргей, ағайын!

*«Маңғыстау» газеті,
16 қыркүйек, 2010 жыл.*

ҰРПАҚҚА ҰСТАЗ БОЛҒАН ПІР АТА

*Бұрыңғы облыс әкімі Қ.Е.Көшербаевтың Пір Бекет Атаның туғанына
260 жыл толуына арналған «Бекет Ата тағылымы» атты
Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясындағы баяндамасы*



Қадірлі меймандар! Ардақты ағайын!

Алыстаған сайын асқақтап биіктей беретін асқар таудай жылдар өтіп, заман озған сайын қадір-қасиеті молайып, өзіне деген кейінгі ұрпағының сарқылмас сыйы мен таусылмас құрметіне бөлене беретін, өзі ғұмыр кешкен заманнан бастап қандай саяси жүйе, сан қилы жағдайлар болса да тарыққан жанға медет, сырқат жанға шипагер, әділдік айтқан қазы, өнегелі тәлімгер, ізгілік нұрын себер пірәдар бола білген, көпшіліктің қолынан келмейтін кереметтерді көрсете алатын жандарды көзі тірісінде-ақ халық Әулие деп табынған, қорыққанда да, қуанғанда да сыйынған.

Жаратушы иеміз өз сөзін жерге жеткізетін пайғамбарлардан басқа, пенделер арасында өмірге келіп, бірақ ақиқат пен әділдіктің ақ жолымен жүріп өз ортасына өнеге көрсететін, қарапайым адамның санасына сыймайтын құбылыстар тудырып, өз замандастары мен кейінгі ұрпақты тәубасына келтіріп, құдіреттің бар екенін мойындата алатын ерекше қабілетке ие адамдарды арнайы жауапты миссиямен дүниеге келтіретін тәрізді.

Бүгін алқаласқан әлеуметтің, шартараптан келген азаматтардың басын қосып отырған ұлан даланың ұлы перзенті – Пір Бекет Ата да осындай ерекше қасиетке ие руханият абызы, әулие тұлға.

Жұмыр басты пенде шыр етіп дүниеге келгеннен бақилық болғанға дейінгі ғұмырын қоршаған тіршілікті танып-білуге,

жаратылыстың заңдылықтарын меңгеріп, оны өзінің және келер ұрпағының игілігіне жаратуға деген ізденісіне жұмсаған.

Алайда, адамзат баласы өзі пайда болған сан мыңдаған жылдардан бері «бұл тіршіліктің түп бастауы қайда, бастауы болса ақыры да бола ма?» «Он сегіз мың ғаламды жаратып, үйлестіріп ұстап тұрған қандай күш?» деген сұраққа жауап таба алмай келеді.

Ресми ғылым жаратушының бар екенін дәлелдей де, жоққа шығара алмай да отыр. Дегенмен, басы ашық бір нәрсе - ол адам санасының аясына сыймайтын, оның қазіргі білімі шеңберінен тыс құбылыстардың бар екені. Мұны тіпті ғылымдар патшасы – математика да жоққа шығармайды.

Біз өзіміз өмір сүретін үш өлшемді кеңістікті түйсінсек, математика төрт, бес, тіпті шексіз көп өлшемді кеңістіктің болатынын дәлелдейді. Біз өмір сүретін кеңістіктен бөлек Риман және Лобачевский кеңістіктерінде, Евклидтен бөлек аксиомаларға негізделген Риман мен Лобачевский геометрияларында бізше өзара қиылыспайтын параллель түзулердің мән-мағынасының өзгеруі біз күнделікті өмір сүріп жүрген қоршаған ортадан бөлек, өзіндік заңдылықтарға бағынатын ортаның бар екенін көрсетеді.

Кәдімгі судың ізгілікке арналған жақсы лебізді, немесе қасиетті құран сөздерін естісе нәрленіп, «жанды суға», ал ұрыс-керіс, лас сөздерді естісе құрамы бұзылып, «өлі суға» айналатынын ресми ғылым эксперименттік түрде дәлелдеп отыр. Ендеше адам баласы ағзасының 75%-ын, ал ол өмір сүретін Жер ананың 70%-ын су құрайтынын ескерсек, ізгі жолдан ауытқу, бейпіл сөз, ұрыс-жанжал, өзара соғысу арқылы адамзат баласының өз болашағына балта шауып жатқанын байқау қиын емес. Демек «Ырыс алды – ынтымақ, ынтымақты елде бақ тұрар» деген халық даналығына негіз болған, қасиетті кітаптардың бізге уағыздайтын ұлы құндылықтары: ізгілік пен имандылық, жақсылық пен қайырымдылық, әділеттілік пен адалдық - тіршілік бастауы, өмір сүрудің қажетті де жеткілікті шарттары. Олай болса Жаратушының адамзаттық ұлы құндылықтарды жылтырақ нәрсе көрсе тура жолдан таюға бейім тұратын пендесіне ұғындыру үшін имандылықтың жолын ұстанған, өзі пәни өмірдегі былайғы адам баласының қолынан келмейтін қасиет, күдіретке ие дара қабілет иелерін жаратып, адамдар арасына жіберуі де ақылға сиымды.

Жалпы мен даралық тәрізді философиялық категорияларды негізге ала отырып атакты психолог Б.Блум кез келген ұлт пен ұлыстың тек 5%-ы ғана топ бастар көшбасшылыққа қабілетті болатынын, ал аса жоғары қабілетке ие дарындардың ілуде біреу болатынын тұлғалар теориясына сүйене отырып дәлелдейді. Ендеше былайғы көпшіліктен тыс ерекше қасиет пен қабілетке, тылсым күшке

ие адам баласының болуын ресми ғылым да мойындайды. Біз қазіргі Жаңа тарихымызда да осы құбылыстың куәгеріміз.

Қай заманда да (тіпті кешегі атеистік кеңестік қоғамда да) адамзат баласы тарыққанда, қорыққанда, ел басына күн туғанда, өзі өмір сүріп отырған мемлекеттің солақай саясатынан теперіш көрген кездерде алдымен Жаратушыға, пайғамбарларға сиынып, сосын әулиелерге жалбарынып жанына медет тапқан, рухтарынан күш алған.

Құдайға шүкір, Елбасымыздың сарабал саясатының арқасында тәуелсіздігіміз жыл сайын тұғырланып, елдігіміз естиярланып, алға басқан қадамымыз қарыштанып, кемел келешегіміздің көкжиегі барған сайын айқындала түсуде. Бұл жолда экономиканы алға апарар ілім, білім мен қоса ата-бабамыз сан ғасыр армандаған, талай жан беріп, жан алысқан қияметтерден кейін қолымызға қонған тәуелсіздіктің бақ құсын қолдан ұшырып алмауға тұғыр болатын отансүйгіштік, елжандылық, әділдікке жеткізетін имандылық, ақиқатқа жеткізер парасаттылық пен руханият, қиындыққа төтеп бергізер шыдамдылық пен биік рух керек. Бұл ретте ұлтын ұйытып, жұртын жұмылтып, жамағатын ақ жолға бастар, көрсеткені өнеге, нұсқағаны айқын бағыт аруақты тұлғалардың, рух пірәдарлары– қасиетті бабалардың рөлі өлшеусіз зор.

Бір-бірімен бәсекелесу арқылы озығы анықталатын, пайданы көп түсіруі арқылы жетістігі өлшенетін және бұл жолда күштісінің әлсізін жұтып қоюы заңдылық деп табылатын қазіргі ғаламдық қаржы – экономикалық саясат заманында барға қанағат, жоққа сабыр етуге, өзінің мерейін өсіру үшін өзгенің мүддесін түсінуге шақыратын абыз бабаларымыздың ұстанымы күннен-күнге көкейтестіленіп, қажеттілікке айналуда. Өйткені, дүниені материалдық құндылықтар – ақша, ашқарақтық пен табыс жолындағы ойсыз бәсеке билеп-төстеп алғанына адамзат баласы бірте-бірте мойынсұнып, көз жұмып қарайтын жағдайға жетті.

Қанағатсыздық пен ынсапсыздық, несиелердің негізсіз жүйелері, «еңбексіз байлық жасау», «оңай ақша» есебінен тұрмысты жақсарту әрекеттері - ғаламдық қаржы – экономикалық дағдарысқа әкеліп, оның зардабын адамзат баласы әлі тартып отыр. Сондықтан Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің әлемдік және дәстүрлі діндер съезінде сөйлеген сөзінде: «Қазір әділ экономикалық модель керек. Ол адал да әділ әлемдік қаржылық, валюта жүйесіне негізделуі тиіс, онда алдау мен ысырапқорлыққа жол болмайды. Онда адам жасайтын игілік әрбір адамның жасампаздығы мен прогресіне, оның рухани өсуі мен жетілуіне бағытталатын болады», - деді.

«Санадағы өзгерістерсіз, моральдық нормалар мен биік адамгершілік қағидаттарды қатан сақтаусыз дағдарысты еңсере

алмаймыз. Тек адамзатқа ортақ құндылықтарды ұстану ғана адамзат қоғамы өркендеуінің негізі бола алады.

Бүгінде қай кездегіге қарағанда діннің адамгершіл - гуманистік императивтері қажет болып отыр», - деді Елбасы.

Соңғы жылдары тәуелсіз еліміз рухани жаңғыру мен ұлттық жанару жолындағы жаңа үрдістерге ден қоя бастады.

Елбасымыздың бастамасымен төл тарихымызды, салт-дәстүрімізді оқып-игеру, мәдени мұраларымызды танып-біліп, келесі ұрпаққа табыстау, ел тәуелсіздігі жолында құрбан болғандарды ұлықтау, саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу сияқты ұрпаққа тағылымы мол іс-шаралар қолға алынуда. Бұл ретте әлем халықтарын бірлікке, имандылық қағидаттарын ұстануға шақыратын әлемдік және дәстүрлі діндер съезінің біздің елімізде өткізілуінің маңызы ерекше зор.


Съездің квинтэссенциясы-әділдік пен ақиқат, ізгілік пен адамгершілік, сенім мен төзімділік, имандылық пен қайырымдылық, татулық пен бейбітшілік сияқты барлық адамзатқа ортақ мәңгілік құндылықтарды уағыздау. Сөйтіп, әлемдік діндердің-түрлі халықтар мен өркениеттің диалогындағы байланыстырушы рөлі мен жасампаздық тәжірибесін пайдалану.

Алла қаласа, келесі жылы 57 мемлекеттің басын біріктіріп отырған Ислам конференциясы Ұйымына басшылық етеміз. Бұл бір жағынан бүкіл әлем мойындаған абыройлы ел болғанымыздың белгісі болса, екінші жағынан дамудың даңғыл жолына түскен ұлтымыздың рухани кемелдене бастауының белгісі.

Бір мезетте бүкіл адамзатты жойып жібере алатын ядролық қатерге, миллиондаған адамды мәнгүртке айналдыратын есірткі қаупіне, тұтас елдерді жайлаған аштық пен эпидемиялар қасіретіне қарсы тұрар бір ғана қару – адамзатқа ортақ мәңгілік құндылықтарды ұстану. Сондықтан ізгілік, әділдік, қайырымдылық пен имандылық секілді құндылықтарды санаға сіңіру арқылы адамзат баласы рухани тазаруы керек. Адам түзелмей, заман түзелмейді! Бүлінген заманды түзеу – адамның өз міндеті.

Ұрыс-керіс өршіп, бір-біріне соғыс ашқан елдердің аймақтарында жер сілкініп, жанартау атқылауы, халқының басым көпшілігі имансыздық, ынсапсыздық, жеңіл жүріс сияқты жаман жолға түскен елдерде цунами, су тасқыны, тағы басқа табиғи апаттардың болуы көктегі Жаратушының жердегі пендесінің Ол ұсынған қағидаттар мен құндылықтардан ауытқуына риза еместігін көрсететін ескертуі тәрізді.

Жаугершілік заманда туып, еліне қызмет етуді жауға шапқан батыр ретінде бастап Ер Бекет атанған тарлан сардар қантөгістің қасіретке, өшпенділіктің қаныпезерлікке әкелетінін, атадан балаға



қатыгездік пен кек алуды мирастайтынын түсініп, білектің заманы өтіп, біліктің заманы туғанын сезініп, қанды қырғын соғыс пен күш көрсетудің орнына ел мен елді, ұлыс пен ұлысты табыстыратын, ақиқатқа бастайтын, келісім мен татулықты көздейтін имандылық пен ағартушылық жолын ұстанды. Өз қандастарына қаумалаған тығырықтан шығудың басты жолы – ілім, білімді, обал мен сауапты үйретіп, имандылыққа жетелейтін жасампаздықтың жолын нұсқады.

Пір ата өмір сүрген дәуірдің жылнамасы іспеттес «Рисолайи хилфати суфихо» кітабында қонысы Маңғышлақ өлкесі болған Бекет хазіреттің Хорезм өңірінде өмір сүрген өз тұтастарынан ерекшеленіп, айрықша атақ алған төрт ғұламаның қатарына кіріп «Заманының ұлы сопысы» атағына ие болғаны жөнінде жазылған.

«Тазкираи Мұхаммад Бакир» қолжазбасында: «Бекет ата өмірінде қиындықтарды көп көрген, адам таңғаларлықтай кереметтер істей алатын үлкен қасиет иесі, сопылықтағы ең жоғарғы мәртебе «машайық» дәрежесіне жеткен, түріктер мен өзбектер арасында атағы кең жайылған белгілі адам еді. Ел оны «Ахмад» деп дәріптейтін», - деп көрсетілген.

Ол өзінің асқан дарыны мен кереметтер көрсете алатын қасиетін пайдаланып, бейбіт жолмен жасанған жаудың бетін қайтарып, бітіспес дауларды тоқтатты. Ізгіліктің нұрын сеуіп, ұрпағын «арым – жанымның садағасы» деген қағидатпен тәрбиеледі. Кімді болсын жақынға, досқа, тіпті жау деп те бөлмей ісінің ізгілігіне, ниетінің түзулігіне қарап бағалады. Болжағаны бұлжымай келетін көріпкелдігімен қиянат пен кесапаттың жолын кесіп, әділет пен адалдықтың жолын ашып, шарапатын аямады. Өз ғұмырын өскелең ұрпақ жүрегіне ізгілік пен білім нәрін құюды мақсат еткен ағартушылық жолға арнап, тауды үңгіп, тасты қашап, мешіт-медреселер салып, ұрпаққа рухани ұстаз болды. Адам жанына имандылық ұялатып, адамзат баласына қажет мәңгілік рухани құндылықтарды егіп, келер ұрпақтарға мәңгілік тәлімгер болды.

Өзіне зиярат етушілерге «алдымен ұстазым Шопан атаға тағзым ет» деп өсиеттеп, кейінгі ұрпағына үлкенді құрметтеу мен ұстазды сыйлаудың жарқын үлгісін көрсетті.

Мұқтаж, кемтар жандарға қайырымдылық жасап, ауруларына шипа болды. Өзі мекендеп, ұстаздық еткен жерлердің бәрінде де жанға дауа қасиетті бұлақ пен көк жасыл бақ қалдырып, оған маңыраған арқар мен ұшқан құс атаулыны саялатып, табиғат ананы қадірлеудің, жақсылық пен шарапаттылықтың ұрпақтан-ұрпаққа берілер өнегесін көрсетті.

Бекет атаға қатысты ел жадындағы әңгімелер – бүтін бір мектеп, ұрпақ тәрбиесіне таптырмас кәусар бұлақ.

Халықтық тәлім-тәрбие педагогиканың негізі болса, бұл – сол тағылымды қазынаға қосылған толағай үлес.

Ел аузындағы Пір ата жөніндегі ғажайып аңыз-әңгімелер киялдан емес, шындықтан өрбіген. Олар – ұрпағына шарапаты мен шапағатын аямай беріп келе жатқан Пір атаға деген елдің сарқылмас құрметімен әрленіп, нақты оқиғалары нақышты бояумен адам жадында жатталып қалатындай етіп мұқият қашалған халықтық ұлы мұра.


Бекет ата – бүгін бір ұлтанды ұлыстың ұраны ғана емес, «Мединада – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет, Маңғыстауда – Пір Бекет», - деп мұсылман әлемінің бағасын алған, ризыққа бастар береке-бірліктің, ұлтты ұйытар тұтастықтың алтын өзек ұстанымы, жасампаздық пен биік парасатқа бастар өнеге даңғылы, адами үрдістің адалбақан тұғыры.

Осындай өз ғұмырында ел ішіндегі бірлік пен татулықты, халықтар арасындағы достықты уағыздаған, тарыққан мен зарыққанға шапағатын аямаған әулие, шәкірттері мен кейінгі ұрпағына жалпы адамзаттық ұлы құндылықтарды басты ұстаным ретінде өсиеттеп кеткен руханият абызы Пір Бекет атаның 260 жылдығын атап өту бақыты сіз бен біздің маңдайымызға жазылыпты, қадірлі ағайын! Бұл қастерлі де құрметті, әрі аса жауапты миссияны әулие атамыздың әруағына сыйына отырып, абыроймен атқаратынымызға сенімдімін. Мерекелік іс-шаралар аясында «Шопан ата», «Бекет ата», «Отпан тау» кешендеріне, Пір атаның Бейнеу мен Тобықтыдағы мешіттеріне, облыстық «Бекет ата» мешітіне реставрациялау, жөндеу, абаттандыру жұмыстары жүргізілді. «Қызылсай – Шопан ата – Оғыланды» жолы «Ата жолы» болып салынды. Бұл ізгілік пен шарапат іздеген әр жанды киелі мекенге апаратын, Рухани тазару мен парасат биігіне жетелейтін, барша жақсылыққа бастар имандылық жолы болмақ. Бүгін Ата тойының аясында, қарт Каспийдің жағасында жаңа «Ақтау-Сити» қаласының бірінші «Аққу» шағынауданының, Тәуелсіздіктің туындысы жаңа Мұнайлы ауданының жаңа орталығы Батыр елді мекенінің құрылысына кірісеміз.

Бүгін өзіміз қатысып отырған «Бекет ата тағылымы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясын, түрлі тарихи-танымдық мәдени шаралар мен спорттық жарыстар өткізу де мереке бағдарламасында қарастырылған. Отпан тау бөктерінде Пір атаның ұрпақтары Ас беріп, меймандарды күтуде.

Бекет ата өнегесіне сәйкес, бұл күндері облысымыздың барлық елді мекендерінде қайырымдылық акциялары өткізіліп, тазалық пен абаттандыру жұмыстары жүргізілуде, өскелең ұрпаққа тағылым сабақтары өткізілуде.

Пір атаның 260 жылдығы бұған дейін еліміздің бірқатар облыстарында атап өтілді. Еуразия төсіндегі маржан қаламыз Астанада



Бекет Ата көшесі пайда болды. Руханият абызының өзі туып, өнегелі ғұмыр кешіп, мәңгілік тұрақ тапқан киелі Маңғыстау жеріндегі өткізіліп отырған бүгінгі мерекесі – сол шаралардың түйіні, қорытындысы деп айтуға болады.

«Біз тойларды тарихтан тағылым алу, ұлылықты ұлықтау үшін өткізуіміз керек», - деп Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай бұл шараның да өскелең ұрпақ үшін тәлім, тәрбиелік мәні зор болатыны даусыз. Мүмкіндікті пайдалана отырып, Ата мерейтойына тікелей қолдау көрсетіп, құттықтау хатын жіберген Елбасына бәріміздің атымыздан рахмет айтуға рұқсат етіңіздер!

Ас қабыл болғай! Жамағатын руханият биігіне бастаған Пір атамыз халқының осынау риясыз көңілі мен ақ адал ниетіне риза болып, екі дүниеде нұры шалқығай! Еліміз, Елбасымыз аман болып, мемлекетіміздің келешегі кемел, болашағы жарқын болғай!

Баршамызға Алла жар болып, Пір Бекет Ата қолдағай!

«Маңғыстау» газеті, 30 қыркүйек, 2010.



ЖИЕННІҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫ

Халықаралық деңгейдегі саяси қайраткер Аман Төлеев деген есімге ешқандай анықтаманың қажеті жоқ. Ал оның өмір жолы өзгелерге өнеге.

Новосибирск темір жол инженерлері институтын (1973), Қоғамдық ғылымдар академиясын (1989) бітірген. Еңбек жолын 1964 жылы Кемерово облысында теміржолшы болып бастады. 1967-73 жылдары Новокузнецкідегі Мундыбаш станциясында кезекші, бастықтың көмекшісі, станция бастығы, 1973-85 жылдары Междуреченск темір жол станциясының бастығы, Кемерово темір жолының Новокузнецк бөлімшесі бастығының орынбасары, бөлімше бастығы, 1985-88 жылдары Кемерово облыстық партия комитетінде көлік және байланыс бөлімінің меңгерушісі, 1988-90 жылдары Кемерово теміржолының бастығы болды. 1990-93 жылдары РКФСР (кейінгі РФ) Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Кемерово облыстық халық депутаттары кеңесінің төрағасы, 1994-96 жылдары Кемерово облыстық заң шығарушы жиналыстың төрағасы, 1996-97 жылдары РФ-ның ТМД елдерімен қарым-қатынас министрі қызметтерін атқарды. 1997 жылдан Кемерово облысының губернаторы. 3 рет (1991, 1996, 2000) РФ Президенттігіне кандидат болып тіркелді. Төлеев «Долгое эхо путча» (1992), «Власть в руках человека и ... человек в руках власти» (1993), «На изломах жизни...» (1993), «Цена иллюзий» (1995), «Отечество – боль моя» (1995), «Судите сами» (1996) атты кітаптарын жазған. Ресейдің, Украинаның, Қазақстанның, Беларусьтің, Моңғолияның көптеген ордендерімен марапатталған. Саяси тұлға ретінде бірнеше рет Қазақстанда ресми сапармен келіп жүр.

Ана сүтімен ата-баба қасиеті бойға дариды деген сөз рас-ақ. Ұрпақ несібесінің жеркөгінде алғашқы ана сүтінің дәмі – әрине, анасының ақ сүті. Ананың ақ сүті үшін ана көкірегін еміп өскен, барша ұрпақтың қарызы десек қателеспейміз. Ананың ақ сүті киелі де қастерлі ұғым. Ана сүтін еміп өскен ұрпақ уызына жарып өскендігі.

Аман ағаның қасиеті - анасы мен нағашы әжесінің ақ сүтінің жарытқан уызында. Ананың ақ сүтін қастерлей білген, Аман ағамыздың бойына бір қасиет атамыз Бекеттен дарыған десек ешкім дау айта алмас. Бабасы Балуанияз батыр болса, нағашысы Пір Бекет болса, Аман ағамыздың осал болуына хақысы жоқ. «Атаға тартып ұл өскен, анаға тартып қыз өскен» деген осы болар, бәлкім. Шетте жүрген Аман ағаны шетқақпайламаған, қазір шетелдік ел болып кеткен ежелгі орыс жерінде шенді шенеунік боп жүргені, барша қазақ жұртына мақтаныш. «Жиеннің жақсылығы – нағашыдан» дегендей аталы сөзді айта келе, Аман ағаға әуелі Алла, нағашы атасы Бекеттің әруағы жар болсын дейміз!

АМАН ТӨЛЕЕВ АҒАМА

Жырға толы жүрегім,
Кешегі жыраулар секілді,
Салайын сөздің сүреңін.
Ақынды ақын қылатын,
Ағайын, сенсіз кім едім?
Амандай асыл ағасы,
Мақтанышы Адайдың,
Адай түгіл Алаштың,
Бекеттен туған жиенім!

Өзінді інің жырласын,
Бастайын, аға, өзіңнен,
Ағыл да тегіл жыр басын.
Балуанияз шыққан ішінен
Балықшы еді руың,
Сен Адайға тумасың.
Текті де болмай не етесің?!
Тегіңе тартып туғасын.

Тілеймін сізге ақ жол шын,
Тегінді мақтан тұтамын,
Демеймін мұны сөз болсын.
Нағашың болып келетін,

Ақ батасын беретін,
Соңына жұрты еретін,
Батасы қабыл келетін,
Атамыз Бекет жар болсын!

Дариядан алсам ағысты,
Тұлғаңызға қарасам,
Нар тұлғалы ағамсың,
Бермейтін қолдан намысты.
Кемерово деген өлкеде
Ақылыңменен, ағасы,
Билеп отырсың орысты.
Айналдым, халқым, өзіңнен
Ұл әкелген дүниеге,
Амангелдідей арысты!

Мақтан тұтып айтамын
Амангелдідей ерімді.
Нар тұлға демей не дейін,
Болған соң ағам өр үнді.
Білемін, аға, білемін,
Шет жерде өзің жүргенмен,
Бейбарыстай кешегі
Аңсайсың, аға, еліңді.

Еліңнің, аға, расында,
Шұбаты менен қымызына,
Тамсанатын да шығарсың.
Домбыра алып қолыңа,
Елің еске түскенде
Ән салатын да шығарсың.

Ән салатын да шығарсың,
Шабытыңды шалқытып.
Сезіміңді көлдегі
Қаздай қылып қалқытып.
Биеден сауған саумалша,
Таңдайыңа бір тисе
Бойыңды кетер балқытып.
Абыройы ол да елімнің,
Орыстар жүрсе өзінді
Губернатор зор тұтып.
Шіркін-ай,

сондай болар ма еді
қазақтың әрбір баласын,
басқа жұрт жүрсе хан тұтып!
Ізбасар інің көп сенің,
Жүріп кеткен жолыңды
Өзіне жүрген жол тұтып.
Уақыттың өзі төреші,
Айырып бір күн алады,
Алтыннан жезді аршытып.
Өзінді аңсап біз жүрміз,
Сөзіңді аңсап біз жүрміз,
Әр сөзіңді бал тұтып.
Арғымақ ат желмей ме
Келгенде тиіп қамшы тік.
Сен еңбегіңмен өскен ер едің,
Еңбексіз өскен талайдың,
Жүргендері аз жалшытып.
Жырымды оқып, ағасы,
Сағынышыңды ел деген,
Бассын деп аз-кем жазып ем,
Жусанның исін аңқытып!

Автор